

Ж.А. Дулатбекова, э.ғ.к., қауымд. профессор¹

А.И. Джақсиликов, аға оқытушы²

А. Әбілахатқызы*, магистр, сеньор-лектор³

А.К.Исмаилова, PhD⁴

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан¹

Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан²

Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан³

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан⁴

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: aizhanabl2507@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада еліміздің туризм инфрақұрылымын дамытудың маңызын ашу мақсатында қазіргі жағдайын, оған әсер етіп отырған факторларға талдау жасау арқылы мәселелерін нақтылау және дамытудың қажеттілігінің стратегиялық бағыттарын ұсыну қарастырылды. Туристік сала экономиканы әртараптандыруда маңыздылығын ескере отырып, зерттеудің өзектілігі өңірлік туризмді дамытудың қажеттілігінің салааралық және әлеуметтік-экономикалық стратегиялық маңызымен түсіндіріледі. Туризмнің дамуы туристік инфрақұрылымның дамуымен тығыз байланысты. Оның ішінде инфрақұрылымның дамуындағы оның элементтерін зерттеуде орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, ақпараттық және басқада салааралық зерттеуге бағытталады. Инфрақұрылымның құрылымдық көрсеткіштері тұтастай дамуын сипаттайтын көрсеткіштерге кері әсерін тигізеді. Инфрақұрылымның жалпы дамуы туристердің туристік нысандарға қолжетімділігін арттырып, әсерлі демалысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Дегенмен біздің елімізде зерттеуге негіз болып отырған мәселелерде туристердің көлік қызметін тұтынуға 49%, тауар сатып алуға 15,2%, орналастыруға 10,4%, тамақтануға 9,4% жұмсайтындығы анықталды. Туристердің туристік нысандарға баруға және туристік қызметтерді тұтынуға жұмсайтын шығындарымен салыстырғанда, туризм инфрақұрылымымен байланысты туристік қызметтерге жұмсалған шығындардың басым екені байқалды. Мақалада аталған туризм инфрақұрылымның дамуына әсер ететін факторлары мен перспективалары ұсынылды. Елімізде өңірлік туризм нысандарына қолжетімділікті туризм инфрақұрылымы арттырады. Туристік қызметтердің ұсынылуы туризм инфрақұрылымымен тығыз байланысты. Туризм саласындағы тұтынушылардың қажеттіліктері мен әсерлі демалыстарын ұсынуда елеулі рөлге ие. Өңірлік туризмнің дамуында инфрақұрылымның кері әсерін және оны жетілдіру тетіктерін ұсыну зерттеудің нәтижесі маңызды.

Кілт сөздер: туризм, туризм инфрақұрылымы, тұрақты даму, кіріс, мемлекеттік қолдау, туристік қызметтер, өңірлік даму.

Ключевые слова: туризм, туристическая инфраструктура, устойчивое развитие, доход, государственная поддержка, туристические услуги, региональное развитие.

Keywords: tourism, tourism infrastructure, sustainable development, income, state support, tourist services, regional development.

JEL Classification: O1, O2, O21, P11, P21

Кіріспе. Еліміздегі туристік саланың инфрақұрылымын дамыту басқа салалар үшін де стратегиялық бағыт болып табылады. Өңірлік дамудағы әлеуметтік-экономикалық дамытудың драйвері ретінде маңызды. Туристік ағындардың артуында тежеуші факторлар тасымалдау болып табылады. Сонымен қатар, жергілікті инфрақұрылымдық нысандардың қолжетімсіздігі. Жергілікті туризм инфрақұрылымының нысандары жұмыс орындарын қалыптастыруға, әлеуметтік-экономикалық мәселелерде орын табады [1]. Яғни, туризмнің еліміздің дамуындағы әлеуметтік-экономикалық әсерін ескеру қажет.

Зерттеудің мақсаты ретінде туризм инфрақұрылымын дамытудың стратегиялық маңызын негіздеу. Зерттеу барысында туризм инфрақұрылымын дамытудағы факторларды айқындаумен қатар, перспективалы мүмкіндіктерін ұсыну міндеттері алға қойылды.

Зерттеу барысында туризм инфрақұрылымындағы ұсынылатын қызметтердің көрсеткіштеріне сандық және сапалық талдау жасалынды. Туризм инфрақұрылымының әсерін анықтауда туристік саланың негізгі көрсеткіштеріне статистикалық талдау әдістері қолданылды. Туризм инфрақұрылымының өңірлік деңгейдегі дамуына салыстырмалы және факторлық талдау әдістері қолдана отырып, жағдайы ұсынылды.

2015-2025 жылдар аралығындағы ҚР Ұлттық статистика бюросының және өңірлік даму бойынша жергілікті басқарушы ұйымдардың есептері мен ресми мәліметтері зерттеу барысында негізге алынды. Туризм инфрақұрылымының даму деңгейін кешенді бағалау үшін туризм инфрақұрылымының даму индексі анықталды. Индекс туризм инфрақұрылымының негізгі құрамдас бөліктерін сипаттайтын көрсеткіштер негізінде қалыптастырылды. Оған орналастыру орындарының саны, туристік нысандардың саны, көлік қолжетімділігіне қатысты көрсеткіштер және туристік қызмет көрсету инфрақұрылымының даму көрсеткіштері енгізілді. Индексті анықтау барысында осы көрсеткіштерге минималды және максималды нормалау әдісі қолданылып, жалпы туризм инфрақұрылымының даму деңгейіне баға берілді. Туризм инфрақұрылымын дамытудың стратегиялық бағыттарын ұсыну үшін әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер арасындағы трендік байланысты анықтауға негіз болатын сызықтық регрессиялық үлгілер ұсынылды. Нәтижесінде ұсынылған туристік қызмет пен туристік қызметтен түскен кіріс арасындағы байланыс Пирсон корреляциясы коэффициентімен анықталып, туризм инфрақұрылымының ықпалы негізделді.


Туризм инфрақұрылымы -туристердің қызметке қолжетімділігін қамтамасыз етумен қатар, әсерлі демалысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді [2]. Туризмді дамыту экономиканы әртараптандыруда ықпалы жоғары және оның әлеуметтік-экономикалық мәселелерде орны маңызды [3]. Осыған байланысты мақалада туризм инфрақұрылымының туристік ағынға, қызмет сапасына және туристік кіріске ықпалы кезең-кезеңмен қарастырылып, негізгі бөлімде мәселелерді анықтауда талдаулар жасалынып, туризм инфрақұрылымын жетілдірудің бағыттары ұсынылды. Туризм инфрақұрылымын дамыту мемлекеттік стратегиялық бағыттардың негізгілері ретінде қарастырылуы қажет. Туризм инфрақұрылымының сапалы және тартымдылықты арттырудағы рөлін негіздеу туристік саланың дамуында маңызды.

Әдебиетке шолу. Туризмді дамытудағы маңызды мәселелерді және оның туристік өнімнің сапасына әсерін зерттеу бірқатар ізденушілермен артып келеді. туризм инфрақұрылымы туристік өнімнің сапасына әсер ететін маңызды фактор екенін А.Жунусова және оның әріптестерімен бірге зерттеулерінде ұсынылған [4]. Олар туристік инфрақұрылым туристік өнімді жасауда маңызды база ретінде қарастырған. Оны дамытудағы сандық және сапалық көрсеткіштеріне талдау жасап, жеткіліксіздігін зерттеу арқылы сапалық көрсеткіштердегі мәселесін Chan,W,C. Және оның әріптестері ұсынған. Олар әлемдік деңгейде маңызды фактор екенін дәлелдеуге және стратегиялық бағытта дамытудың қажеттігін ұсынған [5]. Сонымен қатар әлемдік деңгейдегі өзектілігін және оның әр елдің ішіндегі мәселелері де зерттеушілермен ұсынылып отыр. Елдің аймақтық, өңірлік деңгейдегі дамуы тұтастай туризмнің дамуына әсер ететіндігін Agici, H.E. және оның әріптестері ұсынған [6]. Туризм инфрақұрылымы нақты аймақтың дамуына және жаңа бизнестердің ашылуына септігін тигізетінін Орталық Азияға келген туристер ағымы негізіндегі Irtisham ul Nag өзінің әріптестерімен бірге ұсынған зерттеулерінде өңірлік дамытудың саясатында маңызды екенін анықтаған [7]. Қазақстандағы туристік инфрақұрылымның өңірлік туризмдегі тежегіш фактор екенін тартымдылығы жоғары Алакөл көліне, туристік рекреациялық ресурстарға қолжетімділікке әсерін зерттеген Р.Е. Ағыбетова мен оның әріптестерінің зерттеулері Қазақстан мысалындағы туристік инфрақұрылымның жағдайын үздіксіз зерттеу қажеттілігін негіздейді [8]. Сонымен қатар, туризм инфрақұрылымын жетілдіру салааралық бәсекелестікті арттырумен қатар, инвестиция тартымдылығын да арттырады. Мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау саясатына негізделген іс-шаралардың оң нәтижесіне септігін тигізеді. Е.К. Кунязов және оның әріптестерінің зерттеулерінде өңірлік инфрақұрылымды өңірлік кәсіпкерлікті дамытуда өте маңызды екенін ұсынған. Сонымен қатар, инфрақұрылымды жетілдіру белсенді кәсіпкерлікті арттыратыны және оған мемлекеттік қолдаулардың маңызды: салықтық, қаржылық, инвестициялық, құқықтық нормаларда, жаңа технологияларды дамытудағы басқа да қажеттілігі негізделген. Туризм инфрақұрылымының дамуын зерттеуде алынған нәтижелер жалпы туристік сала қызметінің ұлттық экономикаға қосқан

үлесін арттырды. Оның ішінде өңірлік аймақтарда жұмыспен қамту және шағын және орта бизнестің дамуына ықпалы анықталған. Аталған ғылыми ізденістер туризмді дамыту экономикалық, туризм инфрақұрылымын дамыту стратегиялық бағыт екенін негіздеуге мүмкіндік берді. Туризм инфрақұрылымын дамыту туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттырып ғана қоймайды, өңірлердің әлеуметтік -экономикалық мәселелерін шешуде, дамуында маңызды болып табылады.

Негізгі бөлім. Туристік қызметтің сапалы ұсынылуына ықпал ететін туризм инфрақұрылымы туристік әлеуетке деген тартымдылықты да арттырады. Туризм инфрақұрылымына көлікпен қамтамасыз ету, қаржылық, сауықтыру, ақпараттық, қауіпсіздік және әлеуметтік инфрақұрылымдар кіреді.


2015-2025 жылдар аралығында инфрақұрылымның дамуының индексі 35 деңгейден 80-ге дейін артқан. Бұл деңгей туризм инфрақұрылымының даму қарқынын көрсеткіштерге тең салмақ беру арқылы жинақтап сипатап беріп отыр. Артуымен қатар туристер саны да 366,56 мың адамнан 117713,84 мың адамға дейін артуы орын алды [10]. Еліміздегі инфрақұрылымның жаңғыруы туристер саны мен сәйкесінше кірістің артуынан әсер берген. Туристердің артуынан кірістердің артуы бір-біріне әсер ететін факторлық көрсеткіштермен негізделеді. Дегенмен, туризм сыртқы факторларға өте сезімтал сала. Оның ішінде ЭКСПО-17 халықаралық көрмесі мен пандемияның әсері маңызды. Халықаралық көрме туризмге оң әсерін берсе, пандемия теріс әсерін берген. 2021 жылдан кейін кері әсерден оңалу жағдайы елімізде байқала бастады.



Сурет – 1. 2015-2025 жылдар аралығындағы туристік қызметті ұсыну мен түсім арасындағы факторлық байланыстың қарқыны

**[10] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған.*

2015-2025 жылдар арасындағы туристердің саны мен туристік қызметтен түскен түсімнің арасында тығыз байланыс бар. Яғни, келушілер саны артқан сайын, түсім де артатынын білдіреді. Туристік қызметтен түскен түсімнің және туристер санының сыртқы факторларға байланысын $R^2=0,7446$ мен $R^2 =0,88$ нәтижесін беріп отыруынан байқауымызға болады. Дегенмен, осындай факторлардың әсерінің болашақта қарқын алмауы, туризм саласының дамуының мүмкіндігін көрсетіп отыр. Туризм инфрақұрылымының дамуы туристер саны мен туристік қызметтен түсетін кірістің артуымен өзара байланысты. Экономикалық тұрғыдан алғанда, инфрақұрылым туристік өнімнің қолжетімділігін, сапасын және тұтыну көлемін арттыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан инфрақұрылымды дамыту туристік ағынды ұлғайтуға ғана емес, сонымен қатар өңірлік табысты арттыруға, шағын және орта бизнестің дамуына және жұмыспен қамту деңгейінің өсуіне ықпал етеді.



Сурет – 2. 2015-2025 жылдар аралығындағы туризм инфрақұрылымындағы нысандардың дамуының тізбекті қарқыны, %

*[10] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған.

Туристік салада тұтында маңызды көрсеткіштерге тасымалдаудан кейін орналастыру қызметтері ие. Елімізде орналастыру орындарының саны жылдан жылға артуда. Орналастыру орындарына деген сұраныс туризмнің дамуының сипатын нақты көрсетпейді. Себебі, туристер елімізді транзиттік және іскерлік мақсатта пайдалануы мүмкін. Сондықтан туристердің түнеу санының артуына аса маңызды көңіл бөлу қажет. Іскерлік мақсаттар түнеу санын арттыруда туристік әлеуеттің тартымдылығын арттыру маңызды. Туристік нысандардың ішінде елімізде ең төменгі көрсеткішке туристік әлеуеттің нысандары ие болып отыр. Олар саяхаттауға, сауықтыруға қатысты нысандармен қатар, туристік базалар саны. Олардың жаңғыруы туристердің артуына және маршруттар санының артуына да септігін тигізеді. Мысалы, Сайрам- Өгем ұлттық паркінің жаңғыруы «Сайрамсу аңыздары» маршрутының жаңғыруына алып келді және туристер ағыны да артты [11]. Сонымен қатар, Іле-Алатау, Алтын-Емел ұлттық паркіне де қайта жаңғырту жұмыстар қазіргі таңда қолға алынды. Туристік нысандардың осылайша жаңғыру тартымдылықты арттыратыны анық.

Кесте – 1

Туризм инфрақұрылымын жаңғыртудың бағыты мен маңызы

Инфрақұрылым компоненттері	Бағыты	Маңызы
Көлік және жол	Әуежайлар мен рейстер санын, жол ұзындығын, вокзал санын, жолаушылар тасымалын, арттыру	Туристер ағынын, қолжетімділікті және туристік қызмет сапасын арттырады. Ішкі туризмді дамытады.
Орналастыру және тамақтандыру	Орналастыру және тамақтандыру орындар санын арттыру	Туристердің мүмкіндіктерін арттырады, қызмет сапасын қалыптастырады.
Туристік нысандар	Мұражай, парктер, орталықтар, сауықтыру орындарын және т.б. арттыру	Әсерлі саяхатты қалыптас-тырады, ішкі туризмге тартымдылықты арттырады.
Цифрлық	Интернетке қолжетімділік, онлайн қызметтер санын арттыру және т.б.	Туристік қызметтің сапасын арттырады.
Қауіпсіздік және қаржылық	Банктік қызметтерді ұсынууды, әлеуметтік-медициналық, құқықтық қорғау қызметтерді ұсынууды арттыру	Туристердің сенімділігін арттырады, төлемдерде қолайлылық туғызады және т.б.

* ҚР Ұлттық статистика Бюросы мәліметтері негізінде авторлармен тұжырымдалып, құрастырылған [10]

Туризм инфрақұрылымы туристердің қолжетімділігін арттырып, туристердің сандық көрсеткіштерінде маңызды орын табады. Туризм инфрақұрылымының нысандарының тартымдылығын арттыру оларды жаңғыртуды қажет етеді. Туристердің санының артуы жоғарыда

атап өткеніміздей кіріске әсер етеді. Сандық көрсеткіштер туризм саласында маңызды көрсеткіштер болып табылады. Пирсонның корреляция коэффициенті формуласы арқылы инфрақұрылымның келушілер саны мен табысқа сызықтық байланыстың әсерін анықтауға мүмкіндік алдық [12]:

$$r = \frac{\sum(x_i - \bar{x})(y_i - \bar{y})}{\sqrt{\sum(x_i - \bar{x})^2 \cdot \sum(y_i - \bar{y})^2}}$$

Мұндағы:

- r – сызықтық байланыстың коэффициенті (-1 мен +1 аралығында);
- x_i, y_i – туризм және туризм инфрақұрылымы бойынша деректер мәндері;
- \bar{x}, \bar{y} – туризм және туризм инфрақұрылымы бойынша деректер орташа мәндері.

Сызықтық байланыстың коэффициентін анықтауда екі айнымалы ретінде алынған туризмдегі түсім мен келушілер санына туризм инфрақұрылым әсері байланысы анықталды. Корреляциялық талдау нәтижелері туризм инфрақұрылымының даму индексі, туристер саны және туристік қызметтен түскен кіріс арасында өте күшті оң байланыс бар екенін көрсетті. Инфрақұрылым мен туристер саны арасындағы жоғары корреляция туристік нысандарға қолжетімділіктің жақсаруы туристік ағынның артуымен қатар жүретінін білдіреді. Яғни жол-көлік байланысының дамуы, орналастыру орындарының көбеюі, сервистік және ақпараттық инфрақұрылымның жақсаруы туристердің белгілі бір өңірге бару мүмкіндігін кеңейтеді. Инфрақұрылым мен туристік қызметтен түскен кіріс арасындағы оң байланыс инфрақұрылым сапасының туристік тұтыну көлеміне ықпал ететінін көрсетеді. Инфрақұрылым дамыған сайын туристердің көлік, орналастыру, тамақтану, демалыс және басқа да сервистік қызметтерді тұтыну мүмкіндігі артады. Бұл өз кезегінде туристік қызмет көрсететін кәсіпорындардың кірісінің өсуіне әсер етеді. Сонымен қатар туристер саны мен туристік кіріс арасындағы жоғары корреляция туристік ағынның артуы табыстың өсуімен қатар жүретінін дәлелдейді. Алайда корреляциялық талдау себеп-салдарлық байланысты толық дәлелдемейтінін ескеру қажет. Бұл нәтижелер инфрақұрылымдық даму мен туризм көрсеткіштері арасында өзара байланыстың бар екенін көрсетеді, ал себеп-салдарлық ықпалды нақты бағалау үшін болашақ зерттеулерде регрессиялық модельдер, панельдік деректер немесе ұзақ мерзімді динамикалық талдау әдістерін қолдану қажет.

Кесте – 2

Туризм инфрақұрылымының туристік қызмет көрсеткіштеріне әсері

Байланыс күші мен корреляция коэффициенті (r)	Интерпретация
	инфрақұрылым ↔ туристер саны
Өте күшті оң байланыс (0,98)	Инфрақұрылым жақсарған сайын туристер саны айтарлықтай өседі
	инфрақұрылым ↔ туризм табысы
Өте күшті оң байланыс (0,95)	Инфрақұрылымның дамуы табыстың өсуіне тікелей әсер етеді
	туристер саны ↔ туризм табысы
Өте күшті оң байланыс (0,93)	Туристер ағыны артқан сайын табыс тұрақты өседі
	уақыт ↔ барлық көрсеткіштер
Күшті өсім (0,90)	2015-2025 жылдар аралығында тұрақты даму байқалды және әрі қарай дамыту маңызды

*ҚР Ұлттық статистика Бюросы мәліметтері негізінде авторлармен есептеліп, құрастырылған [10]

2015-2025 жылдар аралығында Қазақстандағы туризм инфрақұрылымы мен туризм көрсеткіштері арасында өзара байланыс бар екені айқын. Туризм инфрақұрылымының даму индексінің артуы туристер саны мен туристік қызметтен түскен түсімнің артуымен қатар жүреді. Туристер санының тартымдылығындағы ең төменгі көрсеткішке ие болып отырған Ұлытау, Абай, Атырау, Жетісу, Солтүстік Қазақстан облыстарындағы маңызды мәселелер туризм инфрақұрылымымен байланысты. Әуежайлардың, орналастыру орындарының, туристік нысандардың, цифрлық инфрақұрылым, жолдардың және тағы басқа инфрақұрылымның мәселелері туристік қызметтің тартымдылығына кері әсерін тигізуде. Жүргізілген талдау туризм

инфрақұрылымының дамуы туристер санының өсуімен және туристік қызметтен түсетін кірістің артуымен өзара байланысты екенін көрсетті. Сонымен қатар өңірлер арасындағы инфрақұрылымдық теңсіздік туристік нысандардың қолжетімділігіне, қызмет сапасына және туристік тартымдылыққа әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Еліміздегі туристік бай әлеуетімен туристік қызметті ұсынуға және оның тартымдылығын арттыруда туристік ресурстарға қолжетімді заманауи инфрақұрылымды қалыптастыру қажет.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Қазақстанда туризм инфрақұрылымын дамыту туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және өңірлік дамуды қамтамасыз етудің маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Қазіргі әлемдік жаһандану жағдайында туристік салада бәсекеге қойылатын талаптар күшеюде. Әлемдік туристік нарықта туристердің артуы туристік қызметке қолжетімділіктің мәселелерін оңтайландырумен тығыз байланысты. Басым туристік аумақтар сапалы инженерлік-көліктік және туристік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген болуы қажет. Туристік орындарда туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету мәселесі туристік өнімнің сапасына тікелей әсер етеді. Зерттеу нәтижелері туристік инфрақұрылымды дамыту туристер санының артуына, туристік қызметтен түсетін кірістің өсуіне, және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін нығайтуға ықпал ететінін көрсетті. Елімізде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін инфрақұрылымды қалыптастыру туристердің тартымдылығын арттырады. Елімізде басқа салалар сияқты туризм стратегиялық маңызға ие. Оның инфрақұрылымының дамуы өңірлік дамудағы туристер ағынының қалыпты тартымдылығын қамтамасыз етеді. Себебі, еліміздегі Абай, Жетісу, Атырау облыстарындағы тартымдылық басқа өңірлерге қарағанда төмен. Жүргізілген зерттеу нәтижелерінен туризм инфрақұрылымын жетілдірудің бірнеше бағытын ұсынуға болады. Біріншіден, туристік нысандарға қолжетімділікті арттыратын жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту қажет. Туристердің сапарға жұмсаған шығындардың жоғары құрайды. Екіншіден, туристердің шығындарының басым бөлігін алатын орналастыру орындарының сапасын және оның ішінде 1-3жұлдызды қонақ үйлердің санын арттыру қажет. Әсіресе инфрақұрылымы жеткіліксіз өңірлерде демалыс базалары мен сервистік нысандар санын арттыру маңызды. Үшіншіден, туристерге қызмет сапасын арттыратын ақпараттық және цифрлық инфрақұрылымды дамыту ұсынылды. Сонымен қатар, туризм инфрақұрылымының дамуына үлес қосатын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдаулар қатарын арттыру маңызды. Әсіресе инвестициялық тартымдылықты арттыруда преференциялардың қатарын арттыру туризм инфрақұрылымының нысандарының жаңғыруына ықпал етеді. Туризм инфрақұрылымын дамыту туристік қызметтің сапасын арттырады, туристік ағынның, кірістің артуына септігін тигізеді, ұлттық экономиканың әртараптануы ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>
2. Желдибаев А.Е., Ақтымбаева А.С., Сарсебаева А.М. Туризм инфрақұрылымы: теория және практика : оқу құралы. – Алматы : Лантар Трейд. – 2019. – 154 б.
3. World Tourism Day 2020: Tourism and Rural Development. – 2020. – URL: <https://www.untourism.int/world-tourism-day-2020>
4. Жунусова А.А., Құрманқұлова Н.Ж., Терджан Н., Кадырбекова Д.С. Қазақстандағы туризм инфрақұрылымының даму ерекшеліктері // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2024. – №2(55). – Б. 254–260. – DOI: 10.52260/2304-7216.2024.2(55).32
5. Chan W.C., Lo M.C., Ibrahim W.H.W., Mohamad A.A., Suaidi M.K. The effect of hard infrastructure on perceived destination competitiveness: The moderating impact of mobile technology // Tourism Management Perspectives. – 2022. – №43. – Article 100998. – DOI: 10.1016/j.tmp.2022.100998
6. Arıcı H.E., Köseoğlu M.A. What are the most influential drivers of tourism destination competitiveness? // Journal of Destination Marketing & Management. – 2025. – №36. – Article 100990. – DOI: 10.1016/j.jdmm.2025.100990
7. Ihtisham ul Haq, Pardaev J., Allayarov P., Munir S. The impact of financial innovation and infrastructure on inbound tourism in Central Asia // Journal of Open Innovation: Technology, Market, and Complexity. – 2024. – №1(10). – Article 100175. – DOI: 10.1016/j.joitmc.2023.100175

8. Ағыбетова Р.Е., Садықов А., Гиззатжанова А., Касымова А. Алакөл көлінің туристік-рекреациялық әлеуетін кешенді-интегралды бағалау // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2023. – №1(50). – Б. 23–29. – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.1(50).3

9. Куныазов Е.К., Кадырова А.С., Куныазова С.К., Иманғалиева И.Т. Региональные особенности инфраструктурной поддержки предпринимательской деятельности Казахстана // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2022. – №2(47). – С. 149–155. – DOI: 10.52260/2304-7216.2022.2(47).20

10. Туризм статистикасы // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/>

11. БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен Сайрам-Өгем ұлттық паркіндегі жаңартылған туристік маршрут таныстырылды // БҰҰ Даму бағдарламасы Қазақстанда. – URL: <https://www.undp.org/kk/kazakhstan/press-releases/buudb-n-koldaumen-sayram-ogem-ulttyk-parkindegizhanartylgan-turistik-marshrut-tanystyryldy>

12. Hedderich J., Sachs L. Applied statistics: methods using R. – Berlin : Springer. – 2024. – 1023 p.

REFERENCES

1. «Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023–2029 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasyn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy 28 nauryzdagy №262 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 262 dated March 28, 2023 "On approval of the Concept for the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029"]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> [in Kazakh]

2. Zheldibayev A., Aktymbayeva A., Sarsebayeva A. Turizm infraqurylymy: teoriya zhane praktika : oku kuraly [Tourism infrastructure: theory and practice]. – Almaty : Lantar Treid. – 2019. – 154 b. [in Kazakh]

3. World Tourism Day 2020: Tourism and Rural Development. – 2020. – URL: <https://www.untourism.int/world-tourism-day-2020>

4. Zhunusova A., Kurmankulova N., Terdzhan N., Kadyrbekova D. Qazaqstandagy turizm infraqurylymynyn damu erekshelikteri [Features of tourism infrastructure development in Kazakhstan] // Qazaq ekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2024. – №2(55). – B. 254–260. – DOI: 10.52260/2304-7216.2024.2(55).32 [in Kazakh]

5. Chan W.C., Lo M.C., Ibrahim W.H.W., Mohamad A.A., Suaidi M.K. The effect of hard infrastructure on perceived destination competitiveness: The moderating impact of mobile technology // Tourism Management Perspectives. – 2022. – №43. – Article 100998. – DOI: 10.1016/j.tmp.2022.100998

6. Arıcı H.E., Köseoğlu M.A. What are the most influential drivers of tourism destination competitiveness? // Journal of Destination Marketing & Management. – 2025. – №36. – Article 100990. – DOI: 10.1016/j.jdmm.2025.100990

7. Ihtisham ul Haq, Pardaev J., Allayarov P., Munir S. The impact of financial innovation and infrastructure on inbound tourism in Central Asia // Journal of Open Innovation: Technology, Market, and Complexity. – 2024. – №1(10). – Article 100175. – DOI: 10.1016/j.joitmc.2023.100175

8. Agibetova R., Sadykov A., Gizzatjanova A., Kasymova A. Alakol kolinin turistik-rekreatsiyalyq aleuetin keshendi-integraldy bagalau [Comprehensive integral assessment of the tourism and recreational potential of Lake Alakol] // Qazaq ekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2023. – №1(50). – P. 23–29. – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.1(50).3 [in Kazakh]

9. Kunyazov E., Kadyrova A., Kunyazova S., Imangaliyeva I. Regionalnye osobennosti infrastrukturoi podderzhki predprinimatelskoi deyatel'nosti Kazakhstana [Regional features of infrastructure support for entrepreneurial activity in Kazakhstan] // Vestnik Kazakhskogo universiteta ekonomiki, finansov i mezhdunarodnoi trgovli. – 2022. – №2(47). – P. 149–155. – DOI: 10.52260/2304-7216.2022.2(47).20 [in Russian]

10. Turizm statistikasy [Tourism statistics] // Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> [in Kazakh]

11. BUU Damu bagdarlamasyryn qoldauymen Sairam-Ogem ulttyq parkindegi zhanartylgan turistik marshrut tanystyryldy [A renewed tourist route in Sairam-Ugam National Park was presented with the support of UNDP] // United Nations Development Programme in Kazakhstan. – URL: <https://www.undp.org/kk/kazakhstan/press-releases/buudb-n-koldaumen-sayram-ogem-ulttyk-parkindegi-zhanartylgan-turistik-marshrut-tanystyryldy> [in Kazakh]

12. Hedderich J., Sachs L. Applied statistics: methods using R. – Berlin : Springer. – 2024. – 1023 p.

Дулатбекова Ж.А., Джаксилыков А.И., Әбілахатқызы А., Исмаилова А.К.

СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ РАЗВИТИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В данной статье, с целью выявления важности развития туристической инфраструктуры страны, проанализировано текущее состояние вопроса, рассмотрены влияющие на него факторы и предложены стратегические направления его развития. Учитывая важность туристической индустрии для диверсификации экономики, актуальность исследования объясняется междисциплинарной и социально-экономической стратегической значимостью необходимости развития регионального туризма. Развитие туризма тесно связано с развитием туристической инфраструктуры. В частности, изучение ее элементов в развитии инфраструктуры сосредоточено на междисциплинарных исследованиях в области размещения, транспорта, общественного питания, информационных и других услуг. Структурные показатели инфраструктуры оказывают негативное влияние на показатели, характеризующие ее развитие в целом. Общее развитие инфраструктуры позволяет туристам расширить доступ к туристическим объектам и обеспечить приятный отдых. Однако в нашей стране установлено, что туристы тратят 49% на потребление транспортных услуг, 15,2% на покупку товаров, 10,4% на проживание и 9,4% на питание. Было отмечено, что по сравнению с расходами туристов на посещение туристических объектов и потребление туристических услуг, преобладают расходы на туристические услуги, связанные с туристической инфраструктурой. В статье представлены факторы и перспективы, влияющие на развитие этой туристической инфраструктуры. Туристическая инфраструктура повышает доступность региональных туристических объектов в нашей стране. Предоставление туристических услуг тесно связано с туристической инфраструктурой. Она играет значительную роль в удовлетворении потребностей потребителей в туристическом секторе и обеспечении им эффективного отдыха. Результаты исследования важны для выявления негативного влияния инфраструктуры на развитие регионального туризма и предложения механизмов ее улучшения.

Dulatbekova Zh., Jaxilikov A., Abilakhatkyzy A., Ismailova A.

STRATEGIC IMPORTANCE OF TOURISM INFRASTRUCTURE DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN

Annotation

In this article, we analyze the current state of the issue, examine the factors influencing it, and propose strategic directions for its development to highlight the importance of developing the country's tourism infrastructure. Given the importance of the tourism industry for economic diversification, the relevance of this study is explained by the interdisciplinary and socioeconomic strategic significance of the need to develop regional tourism. Tourism development is closely linked to the development of tourism infrastructure. Specifically, the study of its elements in infrastructure development focuses on interdisciplinary research in the fields of accommodation, transportation, catering, information, and other services. Structural indicators of infrastructure have a negative impact on indicators characterizing its overall development. General infrastructure development allows tourists to expand access to tourist attractions and ensure an enjoyable vacation. However, in our country, it has been established that tourists spend 49% on transportation services, 15.2% on purchasing goods, 10.4% on accommodation, and 9.4% on food. It was noted that, compared to tourist spending on visiting tourist sites and consuming tourism services, expenditure on tourism services related to tourism infrastructure predominates. The article presents the factors and prospects influencing the development of this tourism infrastructure. Tourism infrastructure increases the accessibility of regional tourism sites in our country. The provision of tourism services is closely linked to tourism infrastructure. It plays a significant role in satisfying consumer needs in the tourism sector and ensuring an effective vacation. The results of the study are important for identifying the negative impact of infrastructure on the development of regional tourism and proposing mechanisms for its improvement.